

Ағымдағы жылы, 25 қараша күні «Философия және саясаттану» кафедрасы Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенттері арасында «Кыз бала тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрдің орны» тақырыбына тәрбиелік мәні зор сұхбат ұйымдастырды.

Сұхбатты доцент Д.Құлбаева ашып, жүргізіп отырды. Кейінгі кезекте студент Дарига Өбдібай «Кыз тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлердің орны» тақырыбына баяндама жасады. Одан әрі жарыссозге шыққан студенттер қаралып отырған тақырыпқа байланысты өз ой-пікірлерін айтты.

Сұхбат барысында студенттер тақырыпқа қатысты өздерін ойландырып жүрген мәселелер бойынша оқытушыларға сұрақ қою мүмкіндігіне ие болды. Қойылған сұрақтардың арасында ұлттық салт-дәстүр мен ислам дінінің қағидалары арасындағы сабақтастық мәселесі де әңгімеге арқау болып, қызу пікірталас тудырды. Бұл сұраққа сұхбатқа қатысқан оқытушылар салиқалы әрі қазіргі заман талабына сай жауап беруге тырысты. Жалпы алғанда, сұхбат қызықты пікірталас түрінде өтіп, студенттердің қызығушылығын қанағаттандырды.

ТарМУ Медиа қызметі